



«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» КММ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ



МАЗМҰНЫ

	Түйіндеме.....	3
I	Кітапхана жұмысының міндеттері мен бағыттары	4
II	Кітапхананың негізгі бақылау көрсеткіштері.....	4
III	Кітап қорын және каталогтарын қалыптастыру және ұйымдастыру.....	5
IV	Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру Кітапхана жарнамасы	9
V	Әдебиеттерді танымал етудің бағыттары мен нысандары, оқырмандық қызығушылықтарды зерделеу және қалыптастыру.....	10
	Клуб, үйірмелер жұмысы.....	12
	Ата-аналармен жұмыс.....	13
VI	Көпшілік жұмыс	14
	Әдебиетті кеңінен танымал ету.....	18
	2021 жыл – балалар әдебиеті жылы	21
	Жоба бойынша жұмыс.....	24
VII	Анықтамалық-библиографиялық жұмыс	26
VIII	Ұйымдастыру - әдістемелік жұмысы	26
IX	Кітапханалық –библиографиялық үрдістерді автоматтандыру	29
X	Кітапхананы басқару. Еңбекті ұйымдастыру. Кадрлармен жұмыс.....	30
XI	Міндеттер. Өзекті мәселелер.....	33

ТҮЙІНДЕМЕ

2021 жыл ішінде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс атқарды. Кітапхана жұмыстың негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін ұстанды. 2021 жыл-балалар әдебиеті жылы, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Ы. Алтынсариннің туғанына 180 жылдығы, Ж. Жабаевтың туғанына 175 жылдығы ерекше маңызды болды.

Есепті кезеңде кітапхана қорына **3760** басылым, оның ішінде **2012** данасы қазақ тілінде түсті. 01.01.2022 жылға кітапхананың кітап қоры **138584** дана, оның ішінде қазақ тілінде **32156** дана.

Оқырмандарға қызмет көрсету олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Жеке жұмыстарды қолдану оқырмандардың өтініштерін толығымен қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Кітапхананың өткізілген онлайн және офлайн іс-шаралар қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге; оқырман балалардың әдебиетке, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға; балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға; оқу үрдісіне көмектесуге бағытталған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Жетістік формуласы» жобасы бойынша Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен есептік кезінде «Новое телевидение» телеарнасында 7 телетүсірілім өтті.

Абай атындағы ОБК ұйымдастыруымен облыстық және республикалық балалар кітапханаларының кітапханашыларына «ZOOM» платформасы арқылы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасымен бірлесіп **«Заманауи балалар кітапханасы – шығармашылық аумағы және балалар мен жасөспірімдердің оқуын дамыту кеңістігі»** атты республикалық онлайн-семинар және **«Осу нүктелері: кітапхана процестерін автоматтандыру-жаңа мүмкіндіктері мен перспективалары»** облыстық онлайн-семинар өткізілді. 2021 жыл-балалар әдебиеті жылы аясында **«Қарағанды библиодайвингі»** атты облыстық балалар кітапханаларының фестивалі өтті.

2021 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Рухани қазына – 2021» онлайн фестивалінің қорытындысы бойынша Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы **«Үздік облыстық маңызы бар мемлекеттік балалар немесе жасөспірімдер немесе балалар мен жасөспірімдер кітапханасы»** номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, 1 миллион теңге сыйақымен марапатталды.

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жарнамалау – кітапхана имиджін көтеруге себепкер болады. Есептік кезеңде 74 материал, оның ішінде 64 мақала, 9 ТВ және 1 радиохабар жарияланды. Соның ішінде (қазақ тілінде – 40 мақала, 5 телебейнесюжеті; орыс тілінде 24 мақала, 4 телебейнесюжеті 1 радиохабар).

Кітапхана мамандары мен кітапхана оқырмандары «SARYARQA», «Новое телевидение», «Бірінші Қарағанды» телеарналарында «Талғам мен таным», «Аймақ», «Три товарища» бағдарламасына қатысып кітап оқу мәселесі жайлы және «Жетістік формуласы» жобасы туралы сұхбат берді. Кітапхананың тыныс тіршілігі жайлы мақалалар облыстық «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриальная Караганда» газеттерінде, және электронды баслымдарда (<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news>, <https://gurk.kz/>, <http://ekaraganda.kz/>, <https://bilimdine.kz>) басылып шықты.

Кітапханада компьютерлік технологиялар мен интернетті кеңінен қолдану жаңа оқырмандарды тартуға ықпал етеді. Кітапхана сайтының контенті үнемі жаңартылып отырады. Кітапхананың сайтында «JivoSite» v3.05.3 онлайн-кеңесшісі сайт пайдаланушыларының онлайн тәртіпте кітапханашы сұрақ қою мүмкіндіктері бар. Пайдаланушылар үшін электрондық қызметтер қолжетімді: онлайн - ұзарту, виртуалды анықтама, онлайн-кеңесші, басшыға сұрақ. Кең көлемде әлеуметтік желіде жұмыс жасалды. Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілері мен YouTube арнасында кітапханада өтіп жатқан іс-шаралар туралы мәліметтер, жаңалықтар, өтетін іс-шаралар туралы анонстар қойылып отырды. ЭК ғаламтор пайдаланушыларына қолжетімді болды.


I. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

- Елбасы-Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі бағыттарын жүзеге асыру;
- ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл», «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында көрсетілген мәселелерді жүзеге асыру;
- оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;
- ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- оқырмандарды Қазақстан әдебиетіне, тарихына және мәдениетіне қызығушылыққа баулу;
- жоғары адамгершілік, дені сау, шығармашылық ойлау қабілеті бар тұлғаны тәрбиелеу;
- қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;
- жұмыста жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану;
- әдебиетті танымал етуде электронды ресурстарды қолдану;
- виртуалды ортада кітапхана сайытында, әлеуметтік желілерде балаларға кітап оқуды насихаттау;
- балалар кітапханаларының қызметіне әдістемелік қолдау, аймақтық кітапханаларға кеңестік көмек көрсету;
- отбасымен бірге кітап оқуды жандандыру;
- кітап және кітап оқуды ілгерілету

II. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жыл басынан бастап Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы онлайн және офлайн жұмыс тәртібінде карантин шараларын сақтап, кітапхана белгілі бір кесте бойынша жұмыс істеді. Күнделікті оқырмандармен байланыста бола отырып, әлеуметтік желілерде кітапхана қорын насихаттау, виртуалды көрме әзірлеу, кітапхана сайтында оқырмандардың тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасау және т.б. көптеген қызметтерді атқарды. Кітапханада оқырмандарға арналған барлық жағдай жасалған. 2020 жылы пандемияға байланысты оқырман саны 5350 болып төмендеді. Биылғы жылы кітапханалар жұмысына шектеу қойылмағандықтан, оқырман саны 12016 болып, өз деңгейіне жетті.

№	сандық көрсеткіштер	2020 жоспар	2020 жоспардың орындалғаны	2021 жоспар	2021 жоспардың орындалғаны
1.	Оқырмандар саны	5350	5350	12000	12016
	<i>оның ішінде пайдаланушылар</i>	424	424	7000	7176
2.	Келулер саны	34496	34496	120000	120019
3.	Кітап берілімнің саны	74904	74904	240000	240037



№	Іс-шаралар	2021 жоспар	2021 жоспардың орындалғаны
1.	Кітап көрмелері	23	29
2.	Көпшілік іс-шаралары	50	72
3.	Семинарлар	2	2
4.	Тұсаукесер-таныстырылымдар	1	2
5.	Әдістемелік басылымдар	7	7
6.	Web конференция (телекөпір)	1	2
7.	Байқаулар	4	4
8.	Аттестаттау	1	1

II. КІТАПХАНА ҚОРЫН ЖӘНЕ КАТАЛОГТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кітаптарды сатып алуға 2021 жылы бюджеттен 5 млн теңге бөлінді. 2021 жылы кітапхана қоры 3760 данаға толықты.

	2021 жылғы жоспар	2021 жылғы жоспардың орындалуы	с.і. қаз.тілі
Басылымдар	1500	3760	2012

мазмұны	2021 жылға жоспар	2021 жылы жоспардың орындалуы	саны (дн.)	с.і. қаз.тілі саны	с.і, б/э және б/мб
Бюджеттік қаржыландыру	5000,0	5000,0	2631	1269	2251 (1059)
Мемлекеттік тапсырыс (Н.В.Гоголь атындағы ОӘФК)	-	613781,33	361	330	138 (122)
Сый	-	50100,00	170	34	115 (1187)
Барлығы:		5663881,33	3162	1633	2504 (1187)
«Қазпошта» АҚ	1000,0	999183,14	598	379	195 (106)

Барлығы:	6000,0	6 663 064,47	3760	2012	2699 (1293)
----------	--------	--------------	------	------	-------------

2021 жылы кітапхананың кітап қорын толықтырға бюджеттік қаржыландыру жоспары бойынша **5000,0** теңге бөлініп. Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы баға ұсыныстарын сұрау тәсілі бойынша, басылымдарды сатып алу жүзеге асырылды.

Есепті жылы басылымдардың басым бөлігі кітап сауда ұйымдарынан **-2631** дана (с.і. қазақ тілде **1269** дана (**48,2%**) кітап сатып алынды, оның ішінде балаларға арналған әдебиет **2251** дана (с.і. қазақ тілде **1060** дана (**85,5%**)).



Бюджеттік қаржыландыру бойынша **5000,0** млн тг сомасына **2631** дана, (с.і. **1269** дана қазақ тілінде), мемлекеттік тапсырыс Н.В.Гоголь атындағы ОӘҒК атынан **361** дана, (с. і. **330** дана қазақ тілінде) **613781,33** тг; Жергілікті балалар жазушысы Н.Инжевская, жазушы Маржан Ершу, қоғам қайраткері Б.Мұсабеков, ақын Аманжол Әлтай, журналист Рушан Бараев және «Steppe World» баспасынан және оқырмандардан саны **170** дана (с.і. **34** дана қазақ тілінде) сомасы **50100,00** тг. кітаптар кітапханаға сыйға тартылды. «Қазпошта» АҚ арқылы **598** дана, (с. і. **379** дана қазақ тілінде) сомасы **999183,14** тг. мерзімді басылымдар түсті.

Есепті кезеңде кітапхана қорына барлығы **3760** дана басылым түсті (с.і. қазақ тілінде **2012** дана), соның ішінде балалар кітаптары мен балалардың мерзімді басылымдары – **2699** дана, (с. і. **1293** дана қазақ тілінде). 2021 жылы қорға түскен балалар басылымдарының жалпы түсімі **71,8%-ын** құрайды: **2504** дана балалар кітаптары, (с. і. **1188** дана қазақ тілінде); **195** дана, (с.і.**105** дана қазақ тілінде) балаларға арналған мерзімді басылымдары.

Оқырман балаларға үшін ұлы ғылым насихаттушысы Яков Перельманның «Қызықты физика» атты еңбегінің желісімен жазылған ғылыми-көпшілік комикстер, «Мың бір түн» жеті томдық, балалардың тіліне ыңғайлап, ықшамдалып жазылған «Отбасы хрестоматиясы жобасы» аясында жарық көрген «Гулливер лилипуттар елінде», «Қасқыр Киш туралы аңыз» және т.б. кітаптар сатып алынды.

Республикалық баспалардан түскен кітаптар топтамасын талдайтын болсақ жаратылыстану мен техника, химия, физика-биология, қазақ тіліндегі балаларға арналған кітаптардың жоқ екенін көрсетеді. Мұндай балалар басылымдары қорға негізінен ресейлік

баспалар арқылы түседі. Бұл қазақстандық салалық әдебиет баспаларының прайс-парақшаларында аталған бағыттардың жоқтығымен түсіндіріледі. Мемлекеттік тілде түскен басылымдардың 65%-дан астамы көркем әдебиет.

2021 жылы түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
3161	1087	625	19,7	70	2,2	40	1,3	53	1,7	67	2,1	2306	73

2021 жылы қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1632	558	451	27,6	4	0,2	-	-	43	2,6	59	3,6	1075	65,9

2021 жылы бюджеттік қаржыландыру бойынша түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2631	687	565	21,5	62	2,3	40	1,5	17	0,6	30	1,1	1917	72,8

2021 жылы бюджеттік қаржыландыру бойынша қазақ тілінде түскен кітаптар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1269	117	408	32,1	1	0,1	-	-	10	0,8	21	1,6	829	65,3

2021 жылы түскен балалар әдебиеті

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2699	691	578	21,4	110	4,0	61	2,3	16	0,6	23	0,8	1911	70,1

2021 қазақ тілінде түскен балалар әдебиеті

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1293	350	414	32,0	24	1,8	-	-	21	1,6	37	2,8	797	61,6

Балалар әдебиеті жылының жариялануына байланысты, 2021 жылы республикалық баспаларда балалар әдебиетін шығарудың артқаны байқалды.

2021 жылы түскен басылымдар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсэ	%	жғэ	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
3760	1160	1102	29,3	118	3,1	66	1,7	66	1,7	102	2,7	2306	61,3

2021 жылы қазақ тілінде түскен басылымдар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсэ	%	жғэ	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2012	604	733	36,4	40	2	14	0,7	56	2,8	94	4,7	1075	53,4


Жалпы кітап қорының құрамы 01. 01. 2022жыл

Барлығы (дн)	с.і. қазақ тілі	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсэ	%	жғэ	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
138584	32156	22108	15,9	11084	8	3757	2,7	17839	12,9	10147	7,3	72228	53

Қазақ тіліндегі кітапханалық қордың құрамы

Барлығы (дн.)	оның ішінде білім салалары бойынша											
	жсэ	%	жғэ	%	тех. а/ш	%	спорт , өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
32156	7588	23,6	998	3,1	599	1,8	1817	5,6	1418	4,4	19736	61,4

01.01.2022 жылға кітапхананың қоры 138584 дананы, оның ішінде қазақ тілінде 32156 (23,2 %) дана құрайды.



Қордың сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету

2021 жылы сақтау мерзімінің өтуіне байланысты 200 дана (с.і. қазақ тілінде 151 дана) мерзімді басылым есептен шығарылды. (№464 акт)

2021 жылы басылымдардың есептен шығуы

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы.	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
200	26	174	87%	12	6%	-	-	1	0,5%	13	6,5%	-	-

2021 жылы қазақ тілінде есептен шыққан басылымдар

Барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы.	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
151	13	125	82,7%	12	6%	-	-	1	0,5%	13	6,5%	-	-

IV. ОҚЫРМАНДАРҒА КІТАПХАНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КІТАПХАНА ЖАРНАМАСЫ

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жарнамалау – кітапхана имиджін көтеруге себепкер болады. Есептік кезең ішінде 74 материал, оның ішінде кітапхана қызметі туралы 64 мақала, 9 ТВ сюжет және 1 радиохабар жарияланды. Соның ішінде (қазақ тілінде – 40 мақала, 5 телебейнесюжеті; орыс тілінде 24 мақала, 4 телебейнесюжеті 1 радиохабар).

Кітапхана мамандары мен кітапхана оқырмандары «SARYARQA», «Новое телевидение», «Бірінші Қарағанды» телеарналарында «Талғам мен таным», «Аймақ», «Три товарища» бағдарламасына қатысып кітап оқу мәселесі жайлы және «Жетістік формуласы» жобасы туралы сұхбат берді. Кітапхананың тыныс тіршілігі жайлы мақалалар облыстық «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриальная Караганда» газеттерінде, және электронды баслымдарда <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news>, <https://gurk.kz/>, <http://ekaraganda.kz/>, <https://bilimdinews.kz> басылып шықты.

2017 жылдан бастап «Жетістік формуласы» кітапханалық жобасы бастау алған. 2021 жылы «Жетістік формуласы» телевизиялық жобасы аясында Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Новое телевидение» телеарнасында 7 телетүсірілім өтті. Эфирге қазақ тілінде 2 және орыс тілінде 5 бағдарлама көрсетілді. Instagram, Facebook, Вконтакте әлеуметтік желілерінде, кітапхана сайтында (www.odababai.kz) «Новое телевидение» телеарнасын https://www.youtube.com/watch?v=vet_zqiDhKw&t=11s сайтында және әлеуметтік желілерінің беттерінде жарық көрді.



Халықаралық Кітап сыйлау күні аясында кітапхана қызметкерлері ағымдағы жылдың 13-14 ақпан аралығында және Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Кітапты сүйіспеншілікпен сыйлаңыз» акциясы ұйымдастырып өткізді.



Кітапхана қызметкерлері және кітапхананың тұрақты жас оқырмандары даму мүмкіндігі шектеулі 9 баланың үйін барып, кітаптар мен журналдар сыйлады. Сонымен бірге кітапхана тарапынан кітап оқуға құмар



тұрақты оқырмандарымызға да кітаптар сыйға тартылды. Акцияның басты мақсаты балалардың кітап оқуы мен кітапты бір-біріне сыйлау дәстүрін қайта жандандыруға ықпал ету, технология заманында да кітап өз құндылығын жоғалтпайтын ерекше сыйлық болып қалатынын көрсету.

2021 жыл-балалар әдебиеті жылы болып жариялануына байланысты кітапхананың жұмыс жоспарына өзгертулер мен толықтырылулар енгізілді. Жыл аясында **«Менің өмірімдегі кітаптар»**, **«Үздік бол - кітап оқы!»**, **«Мен-тұлғамын»** коучинг – орталығы» жобалары іске асырылды.

V. ӘДЕБИЕТТЕРДІ ТАНЫМАЛ ЕТУДІҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ, ОҚЫРМАНДАРДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кітапхана мүмкіндіктерін кеңейту және беделін қалыптастыру үшін қаладағы ЖББМ және гимназиялардың оқушыларына, балабақша бүлдіршіндеріне, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арналған экскурсиялар өткізілді. Экскурсия барысында балалар кітапханаға жазылу ережесімен, кітапхана кестесімен танысады. Бөлім қызметкерлері кітап қоры мен мерзімді басылымдар туралы, кітапханада өткізілетін іс-шаралар туралы әңгімелейді. Есепті кезеңде кітапхана оқырмандары үшін 12 экскурсия өткізілді. Балалар кітапхананың тарихымен, бөлімдердің қызметтерімен танысып, электронды каталогты пайдалануды үйренді. Барлық қатысқан адам саны-332.



Экскурсиялар тақырыбы: **«Кітапхана құпиялары»**, **«Кітапхана шақырады...»** және т.б. Қала мектептері оқушыларымен **«Кітапхана шақырады...»** атты қызықты және танымды экскурсия барысында балалар кітапхана туралы, кітапханада қандай кітаптар мен мерзімді басылымдар сақталатынын, сондай-ақ кітапты және кітапхананы пайдалану ережелерімен танысты. Олар кітапхананың ең қызықты залдарын қарап шықты, кітапханадағы әртүрлі кітаптар, альбомдар, журналдарды қызыға парақтады, **«Күншуақ»** залында болып, көрмелермен танысты, қызығушылықтар бойынша үйірмелердің, клубтар мен студиялардың жұмысы туралы білді.



«Сен - біздің бірінші оқырман» - акциясы кітапхана оқырмандарының арасында танымал болып келеді. 2021 жылғы 3 қаңтарда кітапхананың қайта тіркелген алғашқы 10 оқырманына **«2021 жылғы алғашқы оқырман»** естелік медалі мен шағын сыйлықтар табыс етілді.

Кітапхана мектептер арасында белсенді жұмыс жүргізіп, әлеуметтік желілерде өзінің ресурстары мен қызметтерін алға бастыруда. Жыл ішінде кітапхананың 11-15 жастағы оқырмандары арасында сауалнама жүргізілді, оның мақсаты оқу іс-әрекетінің ерекшеліктерін, оқуға және оқырмандардың қызығушылықтарының ауқымына әсер ететін факторларды анықтау болды.

Оқырмандарға ұсынылған сауалнама 15 сұрақтан тұрды, олардың көпшілігі жабық түрде болды. Ашық сұрақтар сүйікті авторын, сүйікті кітабын және оқу жылдамдығын анықтауға арналған. Сауалнамаға әртүрлі жас санатындағы 240-қа жуық оқырман қатысты. Алынған статистикалық мәліметтерге сәйкес 5-7 сынып оқушылары аса жоғары белсенділікті танытты. Респонденттердің басым көпшілігі - қыздар. Біздің оқырмандар арасында **«Детектив»** пен **«Классикалық әдебиет»** және **«Фэнтези»** жанрлары танымал болды.

Ашық сұрақтар блогы оқырмандар арасында ең танымал авторлар мен шығармаларды анықтауға бағытталды. Күткендей, жауаптар ауқымы өте үлкен болды. Сүйікті авторлардың қатарында А. Құнанбайұлы, С.Мұратбеков, А.Пушкин, А.Чехов, Ф.Достоевский, Дж.Верн, Дж.Лондон, Э.Ремарк сияқты классиктердің есімдері аталды. Арасында балалар мен

жасөспірімдерге арнап жазатын қазіргі заман авторлары да болды: Дж.Роулинг, Х.Вэбб, Э.Гаглов, С.Чайнани, Дж.Грин, Р.Кийосаки, Ю.Ситников. Оқырмандар арасында ең танымал авторлар Дж.К.Роулинг пен Холли Вебб болды. Ең көп оқылатын кітаптар - жас сиқыршы және Хогвартс сиқырлы мектебінің оқушысы Гарри Поттердің шытырман оқиғалары және детектив қыз Мэйси Хитчинстің тергеулері болып табылады.

Мамыр айында орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі оқырмандарының арасында **«Фэнтези. Қорқыныштар. Мистика»** тақырыбында интерактивті сауалнама жүргізілді. Бөлімде тақырыптық тақта орнатылды. «Фэнтези. Мистика. Қорқыныш» жанрларына қызығушылық танытқан оқырман кез-келген әуесқой «елестің» көмегімен өзіне ұнаған кітабына ұсыныс қалдыра алды. Сауалнамаға 10 мен 16 жас аралығындағы 60 оқырман қатысты. Е.Гагловтің «Зерцалия», «Пандемониум», «Пардус»; Д.Глуховскийдің «Метро 33»; С.Кингтің «Куджо»; Р.Л.Стайннің «Лагерь»; Н.Щербаның «Часодеи» кітаптары осы жанрдағы ең үздіктері болып табылды. Қаралым саны-609; лүпіл-107.



Оқырмандардың сұранысы бойынша кітап қорында келесі шығармалардың жоқтығы анықталды: Андреев Л. «Ангелочек», Библийские легенды, Блейк У. «Тигр», Геродот «Арион», Достоевский Ф. «Мальчик у Христа», Заходер Б. «Птичья школа», Капица Ф. «Тайны славянских богов», Курдаков Е. «Псы Актеона», Лермонтов М. «Русалка», Набоков В. «Рождество», Новоселов А. «Санькин марал», Пастернак Б. «Рождественская звезда», Паустовский К. «Телеграмма», Тендряков В. «Хлеб для собаки», Токарева В. «Рождественский рассказ». Бұл шығармалар электронды **букридерлерге** жүктелді, оқу залындағы оқырмандар гаджеттерді еркін қолданады және шығармалармен танысады.



Кітапханада қағаз түрінде жоқ электронды форматтағы шығармаларға сұраныс белсенді пайдаланылады. Бұл негізінен қазіргі балалар авторлары В.Токаревтің «Рождественский рассказ», А.Новоселовтың «Санькин марал», В.Тендряковтің «Хлеб для собаки», Курдаковтың «Псы Актеона» және т.б. оқу бағдарламасына енген авторлардың өлеңдері мен әңгімелері.

Сонымен қатар, букридерлерге ҚР «Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК Қарағанды облысы бойынша филиалы тарапынан қамтамасыз етілген мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі 77 электронды кітапты жүктелді. Букридерлерде барлығы 135 шығарма орналастырылды.

Үйірме, клуб жұмысы

Кітапханада балалардың шығармашылық қабілеттері мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында клубтар, шеберханалар, үйірмелер, зертхана, студиялар жұмыс жасайды. Бұл жұмысты кітапханашылар өздері жоспарлап, өткізеді және ол ақысыз негізде жүргізіледі. Балалардың қазақ прозасы мен поэзиясына қызығушылықтарын арттырып, талаптарын ұштау мақсатында 11-15 жастағы балалар үшін **«Қауырсын қалам»** әдеби клубы жұмыс жасайды. Жыл ішінде клубтың 3 отырысы өтті. Клуб мүшелері өз шығармашылығы бойынша челлендж ұйымдастырып, поэтикалық бумерангке қатысты. «Қауырсын қалам» әдеби клубының мүшелері ақын М. Мақатаевтың туғанына 90 жылдығына арнап **«Әр өлеңі - бір әлем»** атты челленджін өткізді, оған 19 оқушы қатысып, ақынның өлеңдерін бейнетүсірілім арқылы мәнерлеп оқыды.



«Жәдігер» өлкетану зерттеу клубы

«Туған жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 11-15 жастағы жеткіншектер үшін «**Жәдігер**» өлкетану клубы жұмыс істейді. «Жәдігер» кітапханалық өлкетану клубының отырысы «**Сарыарқаның ұлы азаматтары**» тақырыбында өткізілді. Шара Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде өтті. Клуб мүшелері белгілі тарихи-тұлғалар - шахтер Түсіп Күзенбаев, алғашқы қарағандылық дәрігер Герман Алалыкин туралы мәліметтермен танысты.



Клуб отырысы аясында, «**Сарыарқа-дала өркениетінің алтын бесігі**» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға Қарағанды облысының тарихи – өлкетану музейінің тарих, археология және этнография бөлімінің меңгерушісі Әділ Мәкен арнайы шақырылды. Қонақ Орталық Қазақстанның көшпенділер өркениеті мен алтын адам феномені туралы әңгіме қозғап, толығырақ тоқталып өтті.



«**Шуақ**» балалардың шығармашылық студиясының жұмысы 3-7 жастағы балалар үшін арнап ұйымдастырылады. Әр аптаның сәрсенбісі күні балалар ата-аналармен әдеби шығармамен танысып, қолдан бұйымдар жасауды үйрену үшін үйірме сабақтарына қатысады. Әрбір сабақ шығарманы дауыстап оқумен басталады, содан кейін автор туралы сұхбат жүргізіледі. Балалар кітапханашының басшылығымен түрлі-түсті қағаздан және басқа да материалдардан қолөнер бұйымдарын жасайды. Үйірме жұмысында әртүрлі материал: мақта дискілері, салфеткалар, түрлі түсті картон, жібек жіптер, ермексаз, жармалар, гуашь, акварель және т.б. қолданылады.



Есептік кезеңде 30 сабақ өткізілді. В. Кодектің «Подарок для мамы», Е. Өтетілеуовтің «Ғажайып буындар», М. Әлімбаевтың «Көңілді аралар», «Күн, ай, және Өтеш», Т.Квятковскаяның «Легенды о животных» кітабы бойынша «Степные ежики» және т.б. кітаптар негізінде болған сабақта балалар мақта дискілері, салфеткалар, түрлі түсті картон, жібек жіптерді пайдалана отырып бұйымдар жасады.

Кітапханада әр айдың бірінші және үшінші жексенбісінде балалар үшін танымды және қызықты «**English through games**» үйірмесі жұмыс істейді. Үйірмеге 7-11 жастағы балалар қатысады. Ағылшын тілін ойын, музыка арқылы үйрену балаларды жалықтырмай, тіл үйренуге талпыныстарын арттырады. Жылы ішінде үйірменің 25 сабағы өткізілді. Өткізілген сабақтардың 10-ы онлайн-нұсқада, 15 офлайн- нұсқада болды. Сабақтар -10502 рет қаралып; 1246 лүпіл жинады.



2021 жылғы қарашада Абай атындағы кітапханада «**Speaking club**» клубы аясында жасөспірімдерге арналған ағылшын тілінің сөйлесу курсы ашылды. Қатысушылардың жасы 13 пен 15 жас аралығында. Кездесулер айына 2 рет сейсенбі күндері өткізіледі.

Сабақтар тегін, бейресми жағдайда өтеді. Клубтың негізгі мақсаты – сөйлеу дағдысын жаттықтыру. Өткізілген үш сабақ барысында оқушылар бір-бірімен танысып, өздері туралы қызықты деректер айтып, тек ағылшын тілінде белсене ойнап, сөйлесті.



Кітапхана оқырмандары үшін «**Кел, қазақша сөйлейік**» танымдық - ойын түрінде өткізіледі. Балалар ребустарды шешеді, пазлдарды жинайды, әртүрлі тақырыптарда үйірме жетекшісімен диалог құрады, дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеді, сөйлемдерді өздігінен құрастырады және көркем оқу дағдыларын меңгереді.

үйірмесінің сабақтары



Үйірмеге қатысу мектеп бағдарламасы бойынша үй тапсырмасын дайындау кезінде үлкен көмек көрсетеді. Есептік кезеңде үйірменің 28 сабағы дәстүрлі түрде кітапханада өткізілді.

«**Кел, қазақша сөйлейік**» үйірмесінің жылдық қортынды сабағы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында болды.

Кітапхананың «FreeStyle» арт-шеберханасында балалар ұлттық өнер-кестенің қыр-сырымен танысып, кесте токумен айналысады. Барлығы 18 сабақ өтті. 19 желтоқсан күні «Free Style» арт-шеберханасының қорытынды сабағы өткізілді. Жыл ішінде үйірме мүшелері «Менің кішкентай досым», «Кемпіркосақ», «Менің үйім», «Күзгі жапырақ», «Кеме», «Әдемі гүл», «Жұлдыз» атты 7 туынды жасады. Олар: тығыз кестелеу, ілмектеп кестелеу, түйін тігіс сияқты кесте тігу тәсілдерін пайдалана отырып меңгерді.

«**Қызықты ғылым**» кітапханалық зертханасы аясында 8 шеберлік сыныбы «Жанартау лавасы», «Полимер құрттары», «Микроскоп қызықтары», «Отты жазу» және т.б. тақырыптарда тәжірибелері өтті.

Ата-аналармен жұмыс

Есеп беру кезінде әр айдың екінші және төртінші жексенбісінде кішкентай пайдаланушылар үшін дәстүрге айналған «Дауыстап оқу» өткізілді. Дауыстап оқу - балаларды және ата-аналарды іс-шараларға қатысуға ғана емес, сонымен бірге оқу залындағы ерекше қолайлы атмосферада тыңдаушыларды кітапханаға және оқуға тартуға мүмкіндік беретін кеңінен тараған жұмыс түрі.

Есеп беру кезінде 15 дауыстап оқу өткізілді. Балалар қазақ, орыс, әлем әдебиетінің жауһар туындары А. Саураның «Ертегілер», С. Вебердің «Паша и папа», «Әділ патша», А. Бартоның «Про больших и маленьких», Н. Инжевскаяның «Придумки от Алинки» және т.б. ертегі мен әңгімелерді қызыға тыңдады.

Балалар оқуы мәселелеріне арналған «**Бала өміріндегі кітаптың маңыздылығы**» атты онлайн – кеңес беру циклі бойынша 3 кездесу өтті. Кеңес беру үшін психолог И.В. Юсупова мен балалар композиторы Л.Е.Мельникова және ата-ана Г. Сәдуақасқызы кітапханаға қонақ ретінде шақырылды.

Өткізілген кеңестердің барлығы бірінші кезекте балаларының оқуға деген қызығушылығын арттырғысы келетін ата-аналарға, педагогтарға және тәрбиешілерге бағытталған. Аталмыш кездесулерде «Біздің балалар не оқиды және қалай оқиды?», «Ата-аналар баланың оқуға деген сүйіспеншілігін қалай оятады?..» сұрақтар төңірегінде болды. Әңгімелесу барысында шақырылған қонақтар ата - аналарға көптеген пайдалы ақпарат беріп, тәрбие процестеріне ықпал ететін тәсілдерді атап көрсетті. Кеңестердің барлығы Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілерінде мен YouTube арнасына орналастырылды.

Абай атындағы ОБК жас жеткіншекте үйлесімді рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ете отырып, отбасының басшысы – әкенің отбасындағы бейнесін ілгерілету, отбасылық дәстүрлерді, отбасылық құндылықтарды қайта құруға бағытталған «**Супер әке**» шығармашылық бейнежұмыстар байқауының өткізді. Байқауға 69 жұмыс қабылданды. 6 мамыр күні @odb_abai Instagram аккаунтында онлайн эфирде байқау қорытындысы шығарылды.

Байқауға қатысушылар «Менің батыр әкем», «Біздің отбасымыздағы ерлер дәстүрі», «Әкем мен бірге!», «Біздің көп балалы отбасымыз», «Көрермендер көзайымы» номинациясылары бойынша сайысқа түсті. Байқауға 3- 6 жас, 8-15 жас балалар арасында әкелер туралы түсірілген бейнероликтерді Қарағанды, Теміртау,



Балқаш, Саран қалалары мен Ұлытау ауданы, Бұқаржырау ауданының Шешенқара ауылы мен Ботақара кенті, Шет ауданының Ағадыр кенті және Ақсу-Аюлы кентінің отбасылары ұсынды. Байқауға қатысқан жеңімпаз болған отбасылар кітапхана тарапынан шағын сыйлықтар мен дипломдар табысталды. Байқауға ұсынылған барлық бейнеролик 25079 рет қаралды.

VI. КӨПШІЛІК ЖҰМЫСТАР

ҚР Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру», «Ұлы даланның жеті қыры» мақалалары, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа-жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл», «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауларын насихаттау бойынша кітапхана бөлімдерінде тұрақты қолданыстағы **«Рухани жаңғыру – ұлт жаңғыруы», «Жолдау-дамудың жаңа мүмкіндіктері»** атты кітап көрмелері ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында кітапхана қызметкерлері әлеуметтік желілерінің кітапхана парақшаларына жазылушылар үшін Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму курсының негізгі ережелерімен және негізгі жетістіктерімен танысу мақсатында **«Жолдау – дамудың даңғыл жолы»** ақпараттық – ревьюі ұсынылып, бейнешолу жасалды.



ҚР Тұңғыш Президенті күні

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін мерекелеу қарсаңында кітапханада мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей - интернатының 6-8 сынып оқушылары үшін **«Н. Назарбаев: тарихтағы із»** тақырыбында квест-экскурсия өтті.

Іс-шара барысында кітапханашы мектеп оқушыларын Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған бірқатар мәліметтері жинақталған кітаптармен таныстырды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына **тарихындағы менің ауылымның тарихы»** атты зерттеу жұмыстарының облыстық байқауы өткізілді. Іс-шараға ата-аналар, ұстаздар, қазылар алқасының мүшелері және шақырылған қонақтар қатысты. Қазылар алқасының құрамына «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті, т.ғ.к. **Н. Бейсенбекова**; журналист, облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы **А.Жанғозин**; Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми-әдістемелік бөлімі меңгерушісінің м.а. **М.Болат**; Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды ОӘФК ақпараттық библиография бөлімінің ұлттық библиография секторы меңгерушісінің м.а. **Г.Кадырова** болып, 9 желтоқсанда байқау жұмыстарын анықтады. 14 желтоқсанда байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.



Байқауға Қарағанды облысының Ақтоғай, Нұра, Жаңаарқа, Шет, Ұлытау, Қарқаралы, Осакаров, Бұқар жырау аудандарының 13-15 жас аралығындағы балалары 25 ғылыми-зерттеу жұмысын ұсынды. Байқау қорытындысы бойынша: **Бас жүлде -Құрал Ағла**, Қарқаралы ауданы, Жаңатоған ауылы; **I орын –Алиев Елхан**, Бұқар жырау ауданы,

Ботақара кенті; **II орын -Залисецкая Дарья, Рапш Юлия**, Осакаров ауданы, Тельман ауылы; **III орын – Әбікен Ділназ**, Жаңаарқа ауданының оқушылары иеленіп, бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталды.

Кітапханада **«Менің Қазақстаным!»** тақырыбында кең көлемде көрме-досье ұйымдастырылды. Кітап көрмесі еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы қаламгерлердің жазған еңбектері мен тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтылды. Көрмемен танысу үшін кітапханаға Қ. Сәтбаев атындағы гимназияның 4 сынып оқушылары келіп, «Бабалар елі – алтын бесік» атты зияткерлік викторина сұрақтарына жауап беріп белсене қатысты.



Халықаралық әйелдер күні

Халықаралық әйелдер мерекесіне орай **«Қыздар сұлу көрінер көркіменен»** атты дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараға Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясының 9 сыныптың оқушы қыздары және қонақ ретінде «Azizas AS» студиясының негізін қалаушы А. Сахиқызы және шәкірті А. Сурапова қатысты. Қонақтар сыртқы сұлулықтың ең басты мәселелерінің бірі – бет күтімі мен шаш күтімі жайлы сұхбат жүргізді. Шара соңында қонақтарымыз ең белсенді қатысушылар С. Касымжан мен М. Айтжановаға «Azizas AS» студиясына тегін сертификатын табыстады.

Наурыз мейрамы

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында мәдениетті, тарихты және рухани мұраны насихаттауға бағытталған «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру бойынша 4 тренингтер өткізілді. Қарағандылық балаларға киіз үймен жақынырақ танысуға толық мүмкіндік жасалып, «Наурыз шуағы» тұжырымдамасы аясында өткізілген шеберлік сыныбы өтіп, БАҚ кеңінен таратылды. Киіз үйді жинау бойынша шеберлік сағаты ютуб арнасына қойылды. Әлеуметтік желіде қаралым саны- 2934.



Наурыз мейрамына орай **«Ұлттық киім трендте»** атты кітапханалық ай-стоппер өтті. Іс - шара барысында қазақ халқының ұлттық киімдерінің құндылығы, олардың түрлері мен атаулары туралы айтылды. Балалар ұлттық нақышта безендірілген киімдердің түрлерімен танысып **«Қазақ халқының ұлттық киімдері»** атты бейнеролик тамашалады.



Қазақстан халқының бірлігі күні

Қазақстан бір шаңырақ астында өмір сүріп, еңбек ететін көптеген ұлттар мен халықтар өкілдерінің Отаны болды. Қазақстан халқының бірлігі күніне орай кітапханада **«Ұлттық бірлік – Қазақстан халықтарының достығы»** атты тәрбие сағаты өтті. Шараға Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданның үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің балалары қатысты. Сондай-ақ, айтулы мерекеге орай әлеуметтік желілерге әр ұлт өкілдерінің мәдениетімен таныстыру мақсатында №45 гимназияның оқушылары Т. Джахангиров және Е. Шабалина беларус авторларының өлеңдерін беларус тілінде оқып, №15 ЖББМ оқушысы Э. Бош өзбек және еврей билерін мың бұрала билеп, пайдаланушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.



Отан қорғаушылар күні

Отан қорғаушылар күніне орай кітапханада **«Ұрпаққа үлгі болған ерлік»** атты онлайн-кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға Ауған соғысының ардагері, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы бастығының көмекшісі, полиция полковнигі, С. Тоқтабеков шақырылды. Кездесу барысында С. Тоқтабеков Ауған жерінде



болған сұм соғыстың қиын-қыстау кезеңдерін, ерлік пен даңқты батыр-қаһармандары жайлы әскери қызметкер болудың қызығы туралы әңгімелеп берді. Қаралым саны-1544.

Жеңіс күні

2020 жылы «Соғыс жайлы бірер сөз» атты қалалық театрландырылған қойылымдар байқауы елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты ұйымдастырып, өткізу мүмкін болмағандықтан 2021 жылға шегерілген. Сайысқа 9 қала мектептебі және даму мүмкіндігі шектеулі балалар үйінің балалары қатысты. Қазылар алқасының құрамы: С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының режиссері Б. Киекбаев; К.С. Станиславский атындағы Қарағанды облыстық орыс драма театры әртісі В. Шматенко және кітапхана басшысы Б. Уатаева енгізілді. Қатысушылар қазылар алқасына «Кестелі орамал», «Бауыржан Момышұлы» әдеби композициясы, В. Катаевтың «Полк баласы» повесті бойынша «Тырнарлар», «Читаем Теркина» әдеби-музыкалық композицияларын онлайн және офлайн нұсқада ұсынды. 6 мамыр күні байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Байқау қорытындысы бойынша Бас жүлдені №34 ЖББМ оқушылары, I- орын №20 НОМ оқушылары, II- орын №85 ЖББМ оқушылары, III- орын №9 гимназияның оқушылары иеленіп, алғыс хаттар, бағалы сыйлықтар мен дипломдармен марапатталды. Сонымен бірге, қазылар алқасы мүшелерінің көзайымына айналып, «Әйел адам рөлін үздік сомдағаны үшін», «Ер адам рөлін үздік сомдағаны үшін», «Үздік эпизодтық рөлі үшін» номинациялары бойынша 3 қатысушыға диплом берілді. Байқау- 6033 рет қаралды.



Ұлы Жеңіс мерекесіне арналып «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі кітаптар» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Ұлы Отан соғысы тарихынан сыр шертетін кітапхана қорындағы соғыс жылдарында кеңес баспаларынан шыққан сирек кездесетін 20 дана кітап қойылды. Олардың ішінде 1941 жылы жарық көрген Н. Барсамовтың «Иван Константинович Айвазовский», И. Масановтың «Словарь псевдонимов русских писателей, ученых и общественных деятелей», Ж. Жабаевтың «Қамал бұзған қаһарман» және т.б. Кітап көрмесі бойынша әлеуметтік желіге бейнешолу орналастырылды.



Саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу күні

Кітапханада 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай В. Могильцкийдің «Великие узники Карлага» атты кітабына пост-реквием дайындалып, әлеуметтік желілерге орналастырылды.



ҚР Мемлекеттік рәміздер күні

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай кітапхананың жас мамандары қаланың орталық көшелеріне, қала қонақтары мен тұрғындарына «Менің елімнің рәміздері» атты флаерлар тарату шарасын өткізді. Нәтижесінде қазақ және орыс тілдерінде 80 флаер таратылды.

Балаларды қорғау күні

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Ертегі әлеміндегі балалық шақ» атты интерактивті ойын бағдарламасы өткізілді.



Кітапхана аумағында орналасқан «Кітаптар ауласында», «Qasym» баспасының кітаптарымен танысып сатып алу мүмкіндігі жасалды. «Сен кімсің, кейіпкер?» алаңында әдеби викторина өткізіліп, «Даладағы ойындар» алаңында балалар ұлттық ойындар ойнады. «Әдеби әткеншек» еркін микрофон алаңы, онда балалар өлеңдер және көркем шығармалардан үзінді оқып, ән айтып, би билеп, өз өнерлерін көрсетіп, шараға демеуші болған «Нәтиже» компаниясының сыйлықтарына ие болды. Іс-шара бойынша бейнеролик әзірленіп, әлеуметтік желілерге қойылды. Қаралым саны-4827; лүпіл саны-790.

Домбыра күні

Қазақ халқының жан серігі, рухани азығы болып келген киелі домбыра күніне орай кітапханада **«Қазағымның қазынасы – домбыра»** атты сұхбат өткізілді.

Іс-шараға арнайы қонақ ретінде №32 ЖББМ көркем еңбек пәнінің ұстазы Е.Тұрсынов шақырылды. Қонақ домбыраның құрлысы туралы толық мағлұмат беріп, өзі жасаған ұлттық аспаптың қыр-сырын түсіндірді. Кездесу соңында Ержан Әдішұлы И.Жақановтың «Балқан таудың баурайында» әнін домбыраның сүйемелдеуімен орындап берді. Қаралым саны-1326.

Жаңа жылдық ертеңгілік

Біздің кітапханада жас оқырмандарға арнап жаңажылдық шырша өткізу жақсы дәстүрге айналған. Жас оқырмандар мен олардың ата-аналары үшін **«Аяз Атадан хат»** атты жаңа жылдық қойылымы өткізілді. Балалар бар ынталарымен ертегі квестінің орындарын аралап, қызықты жұмбақтарды, ертегілер бойынша жасалған викториналарды шешті, Аяз атамен бірге жаңа жылдық шыршаны жағып, ән айтып, би биледі, қызықты ойындар ойнады. Барлық қатысушылар Аяз атадан тәтті сый мен сыйлықтар алды.



Әдебиеттерді кеңінен танымал ету

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы оқырмандар арасында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы осымен 15 жыл қатарынан ұйымдастырып келеді.

Аталмыш жоба қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, балалар мен жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай **«Бір ел – бір кітап»** республикалық акциясы аясында танымал қазақстандық авторлардың поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы 30 үздік шығармасы жалпыхалықтық оқуға іріктелді. Осыған орай, кітапханада **«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап»** атты бейнетұсаукесер дайындалып, әлеуметтік желілерге орналастырылды. Қаралым саны-950.



Жыл сайын кітапхана өз оқырмандарын **«Туған өлке – тұнған тарих»** атты өлкетану кітап көрмесі арқылы біздің өңірдің атақты тұлғаларымен және жыл мерейгерлерімен таныстырады. 2021 жыл мемлекет және Алаш қайраткері, Ә. Бөкейхановтың; журналист В. Литвиновтің; Мемлекет және қоғам қайраткері Ә. Ермековтің; жазушы С. Сматаевтың мерейлі мерейтойларына арналып көрме рәсімделді. Көрмеде атақты тұлғалардың өмірі, шығармашылығы туралы кітаптар, сондай-ақ мерейтой иелерінің көркем шығармалары мен еңбектері ұсынылды.

Кітапхананың оқу залында **«Тәуелсіздік – еліміздің ерлік жолы»**, **«Ұлт көшбасшысы – ұлы тұлға»**, **«Рухани жаңғыру-ұлт жаңғыруы»**, **«Золотые страницы классики»**, **«Раритетные издания»**, **«Мир нашего детства»**, **«Оқы және өзгеге ұсын!»** атты кітап көрмелері ұйымдастырылды.



Кітапхана «2021 жыл-балалар әдебиеті жылы» шеңберінде «Әдеби сарапшы» оқылған кітап жайлы үздік пікір қалалық байқауын ұйымдастырып өткізді. Байқауға қала мектептерінен 40-тан астам жұмыс тапсырылды. Халықаралық балаларды қорғау мерекесі аясында «Әдеби сарапшы» оқылған кітап жайлы үздік пікір қалалық байқауының қорытындысы шығарылып байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Бас жүлде - Қ. Сәтпаев атындағы гимназиясының 3 сынып оқушысы Стадник Полина; I дәрежелі диплом - №17 ЖББМ 2 сынып оқушысы Владимирқызы Айсұлу; II - дәрежелі диплом «Супермалыш» балаларды дамыту орталығының оқушысы Ивонина Василиса 7 жас; III дәрежелі диплом - №15 ЖББМ 3 сынып оқушысы Маратов Бекжан иеленді. Жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1151 жылдығына

Кітапханада халқымызға білімнің, нәрін сепкен аса ірі тұлға Ә. Әл-Фараби мұраларын жан-жақты ерекше тұлға болғандығын анықтау мақсатында «Әл-Фараби -өркеніет философы» атты интерактивті зияткерлік ойын-сайысы өткізілді.

Сайысқа №1 «Білім-инновация» лицей-интернатының «БИЛ қырандары» және №2 «Білім-инновация» лицей-интернатының «Жалын» топтары қатысты. Ойын 3-кезеңнен тұрды. Әр кезеңде оқушыларға Әл-Фарабидің өмір жолына, шығармаларына, ғылымға қосқан үлесіне байланысты танымдық сұрақтар мен тапсырмалар беріліп отырды. Ойын нәтижесінде №2 «Білім-инновация» лицей-интернатының «БИЛ қырандары» тобы жеңіске жетті.



Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына

Қазақтың халық ақыны Ж. Жабаевтың 175 жылдық мерейтойын атап өту бойынша жалпы республикалық іс-шаралар шеңберінде «**Жыр алыбы – Жамбыл**» атты телекөпір өтізілді.

Кітапхана Жамбыл облыстық Д.Қонаев атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасымен қашықтан телебайланысқа шықты. Шараға Қарағанды қаласындағы Н.Нұрмақов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты мен Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернатыны мен Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған № 1 облыстық арнайы мектеп-интернатының оқушылары қатысты. Жас композитор Нұрдәулет Сағатбек ұлттық музыка саңлағы Н.Тілендиевтің Жамбылдың 100 жылдығына арнап жазған әйгілі «Ата толғауы» күйін орындап, Жамбыл облыстық Д.Қонаев атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының оқырмандары Жамбылдың Айкүміспен айтысын тарту етті.



Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына

Алаш жетекшісі, публицист, ғалым Ә. Бөкейхановтың туғанына 155 жыл толуына арналып «**Әлихан Бөкейханның лидер-қызметшілік үлгісі**» атты бейнедәріс өтті.

Бейнедәріс сабағы Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарих факультеті кафедрасының доценті, т.ғ. к., Л.Шотбакованың қатысуымен ұйымдастырылды. Дәріскер Ә.Бөкейхановтың өмірінің негізгі кезеңдері, оның түрлі салалардағы қызметі туралы айтып берді. Бейнедәріс сабақтың жазбасын әр оқырман кітапхананың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларынан таныса алады. Онлайн-сұхбат әлеуметтік желілерде 287 рет қаралды.



Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы

Қазақ педагогы, ағартушы, жазушы, фольклортанушы Ы. Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойын арналып «Әлем балалық шақтан басталады» атты арнау кеші өткізілді. Іс-шарада Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына орай ұйымдастырылған кітап көрмесіне шолу жасалды. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің режиссерлік бөлімінің студенттері «Ұстаз» атты қойылым көрсетті.

Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы

Жерлесіміз, акын Қ. Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай кітапханада «Қорқыт – Абай» (Париж қаласы) мәдени орталығының қазақ тілі пәнінің мұғалімі, қасымтанушы, ф.ғ. к., Қ. Алтунайдың қатысуымен тікелей эфир өтті. Әңгіме барысында Қ.Аманжоловтың өмірбаянынан кейбір деректер айтылды, сұхбат аясында ақынның шығармашылығының ерекшеліктері туралы сұрақтар көтерілді. Қ.Алтунай Қасымның шығармалары Францияда белгілі екенін, ал қазақ диаспорасы мерейтойлық датаны атап өтіп, Қ. Аманжоловтың шығармаларын жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттайтынын айтты.

Сондай-ақ кітапханада қазан айында ақынның туған күні қарсаңда «Дүниеге келер әлі талай Қасым» атты әдеби қонақжай өткізілді.

Іс-шараға арнайы қонақ ретінде ф. ғ. д., ҚарУ профессоры, Қасымтану ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі, әдебиеттанушы Ж. Жарылғапов шақырылды. Қонақ балаларға ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында бірнеше тың деректер айтып, Қасымтану ғылыми зерттеу орталығының жұмысымен таныстырып өтті. Кітапханашы «Қыран қанатты ақын» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына

Қазақтың біртуар ақыны, жыр дүлділі М. Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Әр өлеңі – бір әлем» атты әдеби челлендж өткізілді.

Әдеби челленджге оқырмандар мен «Қауырсын қалам» әдеби клубының мүшелері барлығы 19 адам қатысты. Қатысушылар ақиық ақынның «Өмір сүрейік алмасып», «Үш бақытым», «Туған жер», «Мен таулықпын», «Бүгін менің туған күнім ой пәлі-ай» т.б өлеңдерін жатқа оқып, көпшілікке ұсынды. Әлеуметтік желіде 7686 рет қаралды.

Олжас Сүлейменовтің 85 жылдығына

Ақын, қоғам қайраткері О. Сүлейменовтің туғанына 85 жас толуына орай «Әлем таныған Олжас» атты онлайн поэзиялық бумеранг өткізілді. Бумерангқа қала мектептерінің оқушылары қатысты. Оқушылар О.Сүлейменовтің «Язык отцов, язык тысячелетий», «Қара ағаш», «Земля, поклонись человеку!», «Волчата», «Нағыз дос» өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Әлеуметтік желілерде 5871 рет қаралды.

Қастек Баянбаевтың 85 жылдығына

Балалар жазушысы, акын Қ. Баянбаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Еркеме-Ертегім» аты әдеби кеші өткізілді. Қ.Баянбаевтың өмірі мен шығармашылығы таныстырылып, С.Сейфуллин атындағы гимназияның оқушылары ақынның өлеңдерін оқып, жұмбақтар шешті. Аталмыш шарада балалар Қ.Баянбаевтың «Көзілдірікті қоян» өлеңінің желісі бойынша «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген мультфильмді көріп тамашалады.

Софы Сматеевтың 80 жасы



Көрнекті жазушы, драматург, «Құрмет» орденінің иегері С. Сматаевтың 80 жасқа толу мерейтойына орай кітапханада «Дарқан дарын» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жазушы оқырмандар игілігіне тоғыз роман, он үш повесть, он төрт пьеса, он екі дастан және әңгімелер мен өлеңдер ұсынған.



Кітап көрмеге қаламгердің «Алау», «Алғашқы асу», «Қайран жастық», «Мен – тірімін!», «Время первой травы» және т.б кітаптары қойылды. Барлығы 24 басылым оқырман назарына ұсынылады.

Наталия Инжевскаямен кездесу

Жас оқырмандарды кітап оқуға тарту мақсатында 12 сәуір күні кітапханада Қарағандылық журналист, балалар жазушысы Наталия Инжевскаяның «Придумки от Алинки» сериясы бойынша жарық көрген «Про пожар», «Про «Если рядом друг», «Весенний ветерок», «Лучший цветок для мамы», «Снежинки» кітаптарының таныстырылымы өтті. Кездесудің алғашқы сәтінен бастап қонақ балалардың назарын өзіне аударып, ашық диалог болып, өлеңдерін оқып, шығармалары жайлы әңгімелеп берді. Автор ең белсенді қатысушы балаға және кітапхана қорына өз қолтаңбасын жазып кітаптарын сыйлады.



Балалар кітабының апталығы

Кітапханада жыл сайын дәстүр бойынша оқырман балалар арасында «Балалар кітабы апталығы» өтеді. Апталық аясында балаларға арнап қалам тербеп жүрген ақын-жазышылармен кездесулер, әдеби квест, тікелей эфирлер мен шеберлік сыныптары өткізіледі. Наурыз айының 25 күні «**Мың тағым саған, кітап!**» атты балалар кітабы апталығының салтанатты ашылуы болды.



Салтанаты ашылуында Қарағанды облысы бойынша Халықаралық «Бір толқында» (Украина. Киев қ.) сурет байқауы мен балалар жазушысы А.Л. Бартоның 115 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Всем детям ровесница» онлайн фестивалінде жеңімпаз атанған оқырмандарымызға дипломдар табысталды.



Апталықтың бірінші күні «Ертегі әлемі шақырады» ертегі терапия кітабының авторы, ақын, драматург, аудармашы, сатирик Маржан Ершумен кездесу өткізілді. Шараға №5,17,77,88,41 ЖББМ мектептерінің 3-7 сынып оқушылары және Шахтинск, Теміртау, Абай қалаларынан ОКЖ кітапханашылары қатысты. Шараға шақырылған қонақ Қарағанды қаласының жас оқырмандарымен кездесіп, болашақта еліміздің мақтанышы болар жас өркендермен мәнді де мағаналы әдемі сұхбат өрбітті.

Апталықтың екінші күні, Қарағанды облысы Жазушылар Одағының мүшесі, «Магнит» әдеби бірлестігінің мүшесі Татьяна Дубовскаямен «Детский взгляд Караганды» атты сұхбат өткізілді. Іс – шараны біздің кітапхананың белсенді оқырманы, №1 гимназияның 2 сынып оқушысы Э.Трофименко жүргізді. Жазушы оқырмандарды шығармашылығымен таныстырды.



Апталықтың үшінші күні, Гарри Поттер туралы шығармалары бойынша «Школа магии или Таинство волшебства» әдеби квест өткізілді. Әдеби квесте кітапхана оқырмандары Гарри Поттер кітаптарындағы сиқыр әлеміне еніп, қызықты жағдайларға тап болды. Жас сиқыршылар қиын және қызықты әдеби лабиринттерден өтіп, берілген тапсырмаларды ықыласпен орындады. Әдеби квестке 39 оқушы қатысты.



Апталық аясында дәстүрлі түрде «Оқырман бенефисі» өткізіліп, ең үздік және белсенді оқырмандар 9 номинация бойынша атап өтілді. «Ең бірінші оқырман» - Леонкова Алина, «Ең кішкентай оқырман» - Кан Алина (3 жас), «Фэнтези оқырманы» - Руфатқызы Зейнеп, «Мәңгілік классика» - Танат Нұрсұлтан, «Оқу рекордсмені» - Булыгин Николай мен Темиргалиев Арман, «Болашақ детектив» - Юшков Данил, «Кітапхананың айнымас досы» - Нәрікбаев Нұркен мен Абиев Даниил, «Адал оқырман» - Кадирова Адия, «Оқитын отбасы» - Егінбаевтар жанұясы. Әрбір номинация иелеріне арнайы дипломдар тапсырылып, іс-шара демеушісі «Aiza» балмұздақ фабрикасының тәтті сыйлықтары ұсынылды.



2021 жыл-балалар әдебиеті жылы

2021 жыл-балалар әдебиеті жылы болып жариялануына байланысты кітапханада бірнеше ауқымды іс-шаралар атқарылды.

«Қазақстанның оқырман ұрпағы-2021» жалпыұлттық акциясын қолдау мақсатында кітапханада кітап оқу мен оны жылжытудың, кітапхана қызметін дәріптеудің, жаңа оқырмандарды тартудың жаңа және тиімді форматы болып табылатын **«Менің өмірімдегі кітаптар»** жобасы жасалып, жүзеге асырылды. Жоба аясында суретші, антиядролық қозғалыстың белсендісі К.Куюков; журналист, радио жүргізуші А. Строкова; «Экомузей» директоры, эколог Д. Калмыков, ҚР -ның еңбек сіңірген қайраткері, актер Қ. Кемалов, Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының басшысы Е. Құсайын, әнші М. Бекишев, «5 арна» редакторы, тележүргізуші Р. Бараев; джаз оркестрінің бас дирижері И. Андрейченко; ф.ғ.д., профессор Н. Букетова; медицина ғылымының докторы С.Лохвицкий; дирижер П. Грибанов «Нәтиже» сүт фабрикасының басшысы Е. Әшім сияқты азаматтардың нәтижесінде жүзеге асты. Кітап және кітап оқу туралы сұхбат алынып, 12 промороликтер жасалды. Жоба ұрпақтар үндестігінің көрінісі мен жастарға оқырмандық тәжірибе берудегі ақпараттық көпір болып табылады. Промороликтер 8046 қаралып, 1302 лүпіл жинады.



Отбасымен бірге кітап оқуды жандандыру мақсатында кітапханада **«Отбасылық оқу: ұмытылған дәстүр ме, әлде мәңгілік құндылық па?»** атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінің оқытушысы ф.ғ.к. доцент Ж.А. Рүстемова; Қарағанды облысы білім беруді дамытудың ОӘО әдіскері Г.Б. Жаркеева; «ҚР Президентінің жанындағы МБА» РМҚК Қарағанды облысы бойынша филиалының аға оқытушылары А. Т. Жансейтов және Е. М. Ермағамбетов; Абай атындағы ОБК бөлім басшылары, 2020-2021 жылдардағы «Оқырман бенефисі» мерекесінің «Оқитын отбасы» номинациясының жеңімпаздары Егінбаев және Василечко отбасылары қатысты. Аталмыш іс-шара барысында балаларды жас кезінен кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру мәселелері талқыланды. Іс-шара әлеуметтік желілерге орналастырылды.



Балалар әдебиеті жылы аясында кітапхана Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен **«Үздік бол - кітап оқы!»** әлеуметтік жобасын жүзеге асырды. Қаланың орталық көшелеріндегі билбордтарда Қазақстанның және Қарағанды облысының танымал тұлғаларының кітап оқу маңыздылығы



туралы сөздері жазылған баннерлер орнатылды. Көрнекі жарнаманың көмегімен жоба қоғам назарын балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуының маңыздылығына аударуға мүмкіндік берді. Жыл ішінде 9 билбордтың сұлбасы бекітілді: Абай Құнанбайұлы, Олжас Сүлейменов, Серік Ақсұңқарұлы, Нұрлан Дулатбеков, Дидар Төрекелдина, Софы Сматаев, Жүрсін Ерман, Рымбала Омарбекова, В.Б. Молотов-Лучанский. Жобаны жүзеге асыру барысында әлеуметтік желілерде ақпараттық жарнамалар орналастырылды. Әлеуметтік желіде қаралым саны-4255.

2021 жыл кітапхана **«Мен-тұлғамын» коучинг – орталығы»** жобасын іске қосты. Тренинг табысты болғысы келетін 12-15 жастағы жасөспірімдерге арналған. Білікті тренер Б. Мұсабековтің жүргізуімен «Шешендік өнер әліппесі», «Мақсатқа жету технологиясы», «Учимся лидерству» тақырыбында тренингтер өткізілді. Өткізілген тренингтер бойынша бейнероликтер дайындалып оқырмандарға ұсынылды. Қаралым саны-10786.



Осы жоба аясында кітапханада **«Кәсіби бағдар берудегі эмоционалды интеллектінің дамуы»** тақырыбында тренинг өтті. Жаттықтырушы ретінде жоғары санатты психолог, кәсіптік бағдарлау саласының маманы, Ю. Храмова шақырылды.



Балалар тренинг барысында эмоционалды интеллект дегенді біліп қана қоймай, өздерін жақсы білуге және бірнеше маңызды практикалық дағдыларды дамытуға көмектесетін бірнеше шығармашылық тапсырмаларды орындады.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, 2021- Балалар әдебиеті жылын қортындылау мақсатында **«Қарағандыдағы библиодайвинг»** атты облыстық фестивалін өткізді. ZOOM алаңында фестивальдің салтанатты ашылуы болып, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының бейнеқұттықтауы және Шахтинск, Ұлытау ОКЖ басшыларының құттықтау сөздерімен басталды.



Фестивальді өткізуге облыстың қалалары мен аудандарының балалар мен жасөспірімдер кітапханалар, ауылдық және отбасылық оқу кітапханалары және мектеп оқушылары, балалар және ата-аналар, педагогтар жұмылдырылды. Мерекелік бағдарламада лекторийлер, шығармашылық, танымдық және ойын алаңдары, кітапханалық бос уақытты өткізу аймақтары болды.



Балалар «Еркін микрофон» алаңында қазақ ақын-жазушыларын өлеңдері мен шығармаларынан үзінділер оқыды. Кітапхана тарапынан лотерея ойнатылып барлық қатысушыларға шағын сыйлықтар мен А. Құнанбаевтың «Қара сөзі» кітабы таратылды. Сондай-ақ іс-шараға 35 Қарағанды облыстық балалар кітапханалары қатысып, аталмыш шарада 95 алаңдар жұмыс жасап, 735 адам қамтылды.


Салауатты өмір салтын насихаттау

Салауатты өмір салтын – насихаттау бағытында жас оқырмандарға **«Кітап арқылы денсаулыққа жол»** онлайн бейнесұхбаты ұсынылды. Шараға қонақ ретінде Қарағанды қаласының Жеңіл атлетика бойынша олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бас жаттықтырушысы, төреші Валерий Иванишко шақырылды. Қонақ оқырмандарды қаладағы жеңіл атлетика мектебі тыныс-тіршілігімен таныстырды.



Онлайн сұхбаттар

Кітапхананың ұйымдастыруымен жас композитор, күйші, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты 13 жасар Сағатбек Нұрдәулетпен «Арманы шексіз адамды мүмкіндігі шектемейді» тақырыбында тікелей эфир өткізілді. Нұрдәулет Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған № 1 облыстық арнайы мектеп-интернатының 7 сынып оқушысы. Қонақ домбырада бір күйді шерткенде, оның тарихын біліп тұрсаң тыңдарманға да жеткізу оңай болады және сондықтан да күйдің тарихын, күйшілер туралы біліп жүруге тырысамын, – деп өз ойын айтып, қонақ кәде ретінде Құрманғазының күйі «Балбырауынды» тартып берді.



Жазушы, журналист, Республикалық «Дружные ребята» газетінің бөлім редакторы Ольга Гумировамен онлайн – диалог өтті. Сұхбат барысында О. Гумирова шығармашылығы туралы ой бөлісіп, балаларға арналған кітаптар мен ертегілер жайлы айтып өтті.


Ақын, аудармашы Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі,



«Алтын сақа» баспасының директоры ақын Саят Қамшыгермен болған кездесуде шығармашылық және қазақ балалар әдебиеті жайлы сұхбат жүргізілді. Жас оқырмандар автордың «Менің алғашқы кітабым», «Менің сүйікті әліппем» атты кітаптарынан ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Балалар жазушысы, сценарист «Алтын Тобылғы – 2017» әдеби сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қатысушысы Зәуре Төрехановамен «Бүгінгі қазақ балалар әдебиетіндегі үрдістер» атты онлайн әңгіме өткізілді.

Жазушы шығармашылығы туралы айтып, оқырмандарға Қазақстандағы заманауи ақын-жазушылардың шығармаларымен танысуға кеңес берді.



Кітапхананың ұйымдастыруымен Қарағанды облысы бойынша «ORDAGEN» жобасының директоры Гүлден Ертаубаевамен ZOOM платформасы арқылы онлайн кездесу өткізілді. Іс-шараға Қарағанды облысының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің мамандары мен 31 балалар кітапханасының кітапханашылары қатысты. Гүлден Төлеуқұлқызы кітапханашылар назарына «ORDAGEN» жобасының таныстырылмын жасады.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл

Қазақстанда және әлемде лаңкестік пен терроризмге қарсы жүргізіліп жатқан іс-әрекеттерді әрбір азаматтың антитеррористік білімі болуы керектігін түсіндіру мақсатында кітапханада әлеуметтік желі жазушылар арасында «**Терроризм немесе әркім зардап шегуі мүмкін**» атты зияткерлік тест-драйв қазақ және орыс тілдерде өткізілді. Оқырмандар онлайн нұсқасы арқылы сұрақтарға жауап берді.



Кітапхана қызметкерлерін ақпараттандыру мақсатында ақпан айының 22-сі күні Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің ұйымдастыруымен терроризмге қарсы орталығы бөлімінің офицері Кажикаримов Елнaры Ернариевич «**Лаңкестік – қоғамға қауіп-қатерлі**» тақырыбында Zoom платформасы арқылы дәріс оқыды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес

Кітапханада Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орайластырылған **«Жемқорлыққа жол жоқ!»** ұран-плакаттары қалалық байқауы өткізілді.

Қазылар алқасының құрамына ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі Н. Мекеев - қазылар алқасының төрағасы; Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің бөлім меңгерушісі С.Черкаева, №2 өнер мектебінің оқытушысы С.Цыбуля, ҚР мәдениет қайраткері, қоюшы-суретші, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды академиялық қазақ драма театрының көркемдік өндіріс бөлімінің меңгерушісі Ж.Садырбеков енгізілді.

Байқауға 20 оқу мекемесінен 11-13 жас аралығындағы балалар қатысты, байқауға 74 жұмыс ұсынылды. Қазылар алқасының шешімімен: Бас жүлде, I-орын, II-орын, III-орын және «Ең креативті жұмыс», «Ықпал еткені үшін», «Ең ауқымды плакат», «Ең жинақы жұмыс», «Көркемдік шеберлігі үшін», «Бірегей түпкі ойы үшін» номинациялар бойынша үздіктерді анықтады. 08 желтоқсанда байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өткізілді. Бас жүлде №2 арнайы мектеп-интернатының, 6 сынып оқушысы Д.Блялов; I-орын «Таңшолпан» балалар үйінің, 6 сынып оқушысы Л. Суртубаева; II-орын - Н.Әбдіров атындағы №58 ЖББМ пен №2 арнайы мектеп-интернаты 6-7 сынып оқушылары Р.Жунусов пен А. Мерейұлы; III-орын - Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, Ғ.Мұстафин атындағы ЖББМ, 7-сынып оқушылары Я. Сейфуллина мен Д. Кобасова иеленді. «Белсенді қатысқаны үшін» номинациясы бойынша С.Сейфуллин атындағы гимназия жеңімпаз болды, гимназиядан 15 жұмыс ұсынылды. Сайысқа қатысқан балалардың барлығы бағалы сыйлықтар және Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е. Жұмакеновтің атынан дипломдармен марапатталды. Іс-шарасына 60 адам қатысты.



Жобалар бойынша жұмыс

«Жетістік формуласы» телевизиялық жобасы

«Жетістік формуласы» жобасы бойынша «Рухани жаңғыру»



бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен есептік кезінде «Новое телевидение» телеарнасында 7 телетүсірілім өтті.



«Жетістік формуласы» телевизиялық жобасы аясында диалог алаңында әлеуметтік кәсіпкер, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Green Tal» әлеуметтік шеберханасының негізін қалаушы Эмин Аскеров; Қазақстандағы гиперреалист-



мүсінші, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Айдос Есмағамбетов; Қазақстандық скрипкашы, шебер Марат Бисенғалиев; марафоншы, Гиннестің рекордтар кітабының жеті дүркін рекордшысы Марат Жыланбаев; Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Астана Операның» жетекші солисі, ресейлік «Үлкен опера» тележобасының жеңімпазы Салтанат Ахметова; бизнесвумен, SKBoxing бокс спорт орталығы желісінің негізін қалаушы Аяла Қонақбаева; жоғары дәрежелі нейрохирург дәрігер, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Мыңжылқы Бердіқожаев жобаның құрметті қонақтары болды. Бағдарлама 9991 рет қаралды. Ең көп қаралған бағдарлама Марат Жыланбаевпен болған кездесу, қаралым саны-1993.

«Балалар. Жаз. Кітап» кітапханалық алаңы

Кітап оқу қол жетімділігін барша оқырман балаларға қамтамасыз ету мақсатында кітапханада **«Жаз.Балалар.Кітап»**



атты ұзақмерзімді жобасы жүзеге асып келеді. Жоба аясында аптаның әр күні белгілі бір тақырыпқа арналған. **Әр дүйсенбі сайын ұлттық мәдениет күніне** арналды. «Асық ойнап үйренейік», «Ұлттық ою-өрнектер түрлері», «Бесіке салу рәсімі» атты әңгіме, шығармашылық сабақтар өткізілді. Әр



сейсенбі сайын **«Қызықты ғылым күні»**. Бұл күні балаларға «Микроскоп астындағы тіршіліктер», «Отты жазу», «Перғауын жыландары» атты тәжірибелер жүргізілді. Әр сәрсенбі сайын **«Жазғы оқу залы»** «Білгенге маржан» атты өлкетанымдық жаяу серуендеулер «Әлемді кітап арқылы танымын» атты библио-квест, «Толықтырылған шындық» атты ойын-әңгіме өткізілді. Әр бейсенбі сайын **«Кітапхананың**



кинозалында» балалар үшін әртүрлі фильм және мультфильмдер көрсетіледі. **Әр жұма сайын:** Кітапхана қызметкерлері орталық мәдениет және демалыс саябағында «Кітап себетіндегі жаңа кітаптар» атты буклеттер тарату ұйымдастырды. Жазғы оқу алаңдарында болған танымдық шараларға 375 бала қатысып, 50 дан астам бала кітапханаға жаңа оқырман болып жазылды.

2020 жылдан бастап кітапхананың инстаграм әлеуметтік желісінде кітап оқуды және кітапты насихаттаудың жаңа формаларының бірі – флешбук арнайы парақшасы ашылды. 2021 жылы **«Дәстүр мен ғұрып»** арнайы жоба аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеу мақсатында флешбук парақшасын жалғастырып **«Қазақтың 100 салт-дәстүр»** тақырыбы таңдалды. Жобаның аясында салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа арналған кітаптар туралы бейнематериалдар, фотосуреттер, дәйексөздер, иллюстрациялар мен басқа да ақпараттар түріндегі қызықты презентациялар жарияланды. Орналастырылған жарияланым саны – 37, қаралым саны -11017.



VII. АНЫҚТАМАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Жыл ішінде «Мақалалар» МБ 1238 б/ж (с.і. қазақ тілінде 833 б/ж) енгізілді.

	жоспар	орындалуы	с.і.қазақ тілі	орыс тілі
Барлығы	1500	1238	833	405

Ағымдағы жылы 262 библиографиялық жазба жоспардағыдан аз енгізілді. Себебі ІІІ тоқсанда библиографиялық жазбалар енгізілмегендіктен, жылдық жоспар орындалмады.

2021 жылы 400 библиографиялық анықтама толтырылды (с.і. қазақ тілінде 187), оның ішінде 101 виртуалды анықтама (с.і. қазақ тілінде 56)

Атауы	Анықтамалар	с.і.қазақ тілінде	с.і.виртуалды	с.і.қазақ тілінде
Тақырыптық	274	120	24	12

Мекенжайлық	98	43	60	37
Нақтылайтын	16	6	8	2
Фактографиялық	22	10	9	6
Барлығы:	410	187	101	57

Тапсырыстың ішіндегі аса қызықтылары:

- Алғашқы ұшқыш Жақыпбек Малдыбаев туралы ақпарат керек?
- Қарағанды қаласындағы Ә.Молдағұлова, Ж.Жабаев көшелері қай жылы берілді?
- Қазақтың көне музыка аспаптарынан құрылған ансамбльдер туралы ақпарат?
- Библиограф Сәлім Ақышев туралы ақпарат қажет?
- Суретші Ә. Қастеевтің «Абай жайлауда» картинасы туралы мәлімет бар ма?

Электронды қызметтер

Кітапхана сайтында **онлайн кеңесші «JivoSite» v3.05.3** модулі жұмыс істейді, ол пайдаланушыларға онлайн жауап беруге мүмкіндік берді. Есепті кезеңде «JivoSite» v3.05.3 онлайн кеңесші және виртуальды анықтама бойынша 101 сұраныс орындалды. Олар: живосайт бойынша 33 анықтама (с.і қазақ тілінде 14), виртуалды анықтама бойынша 68 (с.і қазақ тілінде 42).

Мақалалар мен кітаптарды сандық түрге көшіру

Есепті кезеңде 99 құжат сандық түрге енгізілді: оның 91-і мерзімді басылымдардағы мақалалар және 1 кітап. Ол Қазақстандық автор Зулфия Жұматованың «Мараттың таңдауы» атты кітабы. Осы жылдың 31 наурызында кітап авторы З. Жұматовамен авторлық келісім шарт жасалды. Цифрланған кітап: Жұматова, Зулфия. Мараттың таңдауы.-Алматы.-Қазмембаспа.-1956.-11б.

Атауы	мақала саны, кітап/көлемі	оның ішінде қазақ тілінде	Бет саны	оның ішінде қазақ тілінде/ көлемі
Газеттер	66 (36,61мб)	3 (747 мб)	102 (36,61 мб)	17 (747 мб)
Журналдар	32 (64,92 мб)	31 (64,27 мб)	110 (64,92 мб)	109 (64,27 мб)
Барлық мақалалар	98 (208,17мб)	34 (70,12 мб)	212 (208,17 мб)	126 (70,12 мб)
Кітаптар	1 (5,11 мб)	1 (5,11 мб)	12 (5,11 мб)	12 (5,11 мб)
Барлығы:	99 (208,17 мб)	35 (70,12 мб)	224 (208,17 мб)	138 (70,12 мб)

VIII. ҰЙЫМДАСТЫРУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Аналитикалық қызмет

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының есеп тапсыру кестесіне сәйкес облыстың балалар кітапханаларының 2020 жылғы жұмысы туралы есебі және 2021 жылға арналған жұмыс жоспарлары қабылданды. Облыстың қызметі бойынша балалар кітапханаларының 2021 жылдың 1 жартыжылдығындағы есептер ұсынылды.

Облыс кітапханаларына кеңестік-әдістемелік көмек көрсету

Абай атындағы ОБК облыстың балалар кітапханаларының қызметін дамыту және бағыттау әдістемелік орталығы болғандықтан, түрлі семинарлар, тағылымдамалар, кеңестер мен әдістемелік оқулар арқылы біліктілікті арттыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді.

Кітапханалық форумдар мен семинарларға қатысу. Біліктілігін арттыру

Абай атындағы ОБК облыстың балалар кітапханаларының қызметін дамыту және бағыттау әдістемелік орталығы болғандықтан, түрлі семинарлар, тағылымдамалары, кеңестер мен әдістемелік оқулар арқылы біліктілікті арттыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді. Ағымдағы жылғы 12 мамырында ZOOM платформасы арқылы балалар әдебиеті жылы аясында ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының басшысы Ү.Д. Мұңалбаеваның бастамасымен Қарағанды



облысының кітапхана қауымдастығымен кәсіби кездесу өтті. Кеңеске Абай атындағы ОБК, Н.В. Гоголь атындағы ОӘҒК, және Ж. Бектұров атындағы ОЖБ, облыстың қалалық, аудандық ОКЖ-нің 95 маманы қосылды. Абай атындағы ОБК облыстың балалар кітапханаларына арналған әдістемелік орталық бола отырып, балалар кітапханалары бойынша статистикалық деректерді ұсынды, Қарағанды облысындағы балалар кітабын ілгерілету, үйірмелер мен клубтардың қызметі туралы жобаларды атап өтті. Балалар мен жасөспірімдер арасында ең танымал және сұранысқа ие кітаптар туралы, қазақстандық авторлар әдебиетін танымал етудің жаңа мүмкіндіктері мен түрлері туралы сұрақтар қойылды.

Кеңес соңында Абай атындағы ОБК басшылығына еліміздің жетекші кітапханасы ретінде 2021 жыл мамыр айында Республикалық деңгейде ZOOM платформасында практикалық тренинг немесе семинар өткізу ұсынылды.

Осыған орай, ағымдағы жылғы 26 мамырда ZOOM алаңында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының қолдауымен **«Заманауи балалар кітапханасы – шығармашылық аумағы және балалар мен жасөспірімдердің оқуын дамыту кеңістігі»** атты республикалық онлайн-семинар өткізілді, оған 100 маман қатысты, семинарға қатысушылар арасында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы, облыстық әмбебап ғылыми кітапханалар, Қазақстанның облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханалары, Қарағанды облысының 18 аудандық және қалалық ОКЖ қатысты. Шарада Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е. Жұмакенов; ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының басшысы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ү. Мұналбаева құттықтау сөздерімен қатысушылар алдында сөз сөйледі.

Семинар барысында әртүрлі нұсқадағы 9 тақырып тыңдалды: таныстырылым, тренингтер. Қызмет көрсетудің жаңа форматындағы Қарағанды облысының балалар кітапханаларының қызметі туралы, жазғы оқу бағдарламаларын, кітаппен жұмыс нысаны ретіндегі қуыршақ театрын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.



Балалар әдебиеті жылының аясында 29 қыркүйекте кітапханада **«Өсу нүктелері: кітапханалық процестерді автоматтандыру – жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар»** атты облыстық онлайн семинар өтті. Семинарға 59 маман: облыстың қалалық және аудандық балалар кітапханаларының меңгерушілері, балалар филиалдарына жетекшілік жасайтын әдіскерлер, кітапханашылар қатысты.

Семинарға қатысушыларға ағымдағы жылғы 9 айдағы облыстың оқырман-балаларына кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің жай-күйі туралы мәліметтер ұсынылып, кітапхана мәселелері мен оларды шешу жолдары талқыланды.

Кітапханашыларға әлеуметтік желілердегі кітапхана аккаунттарын, балалар парақшаларын, сайттарды сапалы толтыру; мемлекеттік тілдегі мазмұнды цифрлық контентті жасау және сақтау туралы міндеттер қойылды.

Кітапханашылар Нұра ОКЖ ауылдық балалар кітапханаларының кітапханалық процестерді автоматтандыру саласындағы тәжірибесімен; Сәтбаев қаласындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының заманауи жағдайында балалар мен жасөспірімдерге кітапханалық қызмет көрсетуді модельдеумен танысты. Семинар соңында ағымдағы жылдың қиын жағдайына қарамастан, кітапхананың миссиясы- кітап оқуға тарту – сақталып қана қоймай, жаңа нысанға, жаңа әлеуетке ие болды деген қорытынды жасалды.

Кітапхана облыстың балалар кітапханаларының әдістемелік орталығы бола отырып, Қарағанды және облыс кітапханашылары



мен балаларының халықаралық, республикалық, облыстық байқаулар мен жобаларға қатысуы бойынша жұмысты үйлестіреді.

Облыс кітапханашылары мен белсенді оқырмандары отбасыларымен бірге 2020-2021 жж. Украина Республикалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «**Бір толқында**» халықаралық байқауына, Л.Бартоның 115 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «**Всем детям ровесница**» (Ресей. Мәскеу қ.) онлайн фестиваліне қатысты, бұл сайыстарға Қарағанды облысынан 200-ден арта қатысушы болды. Сайыстарда Абай атындағы ОБК оқырмандары Ақсезім мен Гүлсезім Жәкендер (Қарағанды қ.) - «**Бір толқында**» халықаралық байқауынан 1- орын иеленсе, «**Всем детям ровесница**» халықаралық байқауынан Эрика Трофименко (Қарағанды қ.) 1-орын, Аружан Аяпова (Сәтбаев қ.) 3-орын иеленіп жеңімпаз атанды.

Агния Львовна Барто атындағы Марс-Австралия (Сидней) халықаралық әдеби балалар байқауының ұйымдастыру комитетімен кітапханамыздың белсенді оқырманы, №1 гимназияның 3-сынып оқушысы Эрика Трофименко «Театрда» өлеңін жатқа оқығаны үшін «Бейнедекламация» номинациясы бойынша «За артистизм и сценическое обаяние» арнайы дипломымен және Нұра ауданынан «За артистизм и любовь к русскому языку», «За любовь к творчеству агнии Барто» номинациялары бойынша Акмерей Әмірзақ, Аянат Дулат, Дария Жанат, Ерсұлтан Барзы дипломдармен марапатталды.



Биылғы жылы біздің кітапхана қызметкерлері облыстық семинарлар мен республикалық байқауға қатысты. Орал қаласындағы Х. Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы, Ы.Алтынсарин атындағы ОБЖК (Қостанай қаласы) ұйымдастырған халықаралық ZOOM платформасы арқылы өткен конференцияға инновациялық- әдістемелік бөлімінің басшысы С. Жусупова қатысып, баяндама жасады.



«Qazaqstan Education» ассоциациясы ұйымдастырған байқауға орта жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Ж. Ыбрайым «Кітапхана ісі» номинациясы бойынша «Мамандығы бойынша үздігі» республикалық байқауына қатысып, облыстық, республикалық кезеңдерінде 1 орынға ие болды.

Баспа қызметі

Есепті кезеңде жоспарға сәйкес 5 әдістемелік құралдар басылымға дайындалып, жарыққа шығарылды (4-уі қазақ және 1-уі орыс тілінде) жарық көрді:

1. «Бір ел – бір кітап» акциясына бетбелгі;
2. «Қарағанды қаласының сәулет өнері» электронды библиографиялық құрал;
3. «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» атты бейнетұсаукесер;
4. «Атаулы күндер күнтізбесі 2022 жыл» (қазақ және орыс тілдерінде);
5. «Ұлттың ұлы ұстазы», қазақ ағартушысы, жазушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына арналған әдістемелік-библиографиялық құрал. Жоспар бойынша 2 әдістемелік құрал шығарылған жоқ. 2022 жыл шығаруға ауыстырылды.



IX. КІТАПХАНАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Бүгінгі күнге Абай атындағы ОБК-да кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру жұмыстары жалғасын табуда. Кітапхананың біршама қызметі жүйелі түрде пайдаланушыларға автоматтандырылған режимде қызмет көрсетуде.


Кітапханада 32 компьютер және 1 сервер бар оның барлығы интернетке және локальды жүйеге қосылған. Кітапхананың құжаттарын сақтау үшін бүгінде жұмыс

компьютері пайдаланылып отыр. Осы орайда кітапханаға екінші сервер қажеттілігі

Әлеуметтік желілердің атауы	жазылушылар	жарияланымдар	қаралым	лүпіл
facebook	1040	568	67708	9102
Instagram	4343	578	374623	82981
vk.com	6073	477	64420	37767
YouTube канал	193	60	2780	338
Барлығы:	11649	1683	509531	130188

туындайды. Компьютерлердегі процессордың тез әрекет ету параметрлеріне тікелей байланысты. 12 компьютердің процессоры Pentium(R), 11 компьютердің процессоры Intel Core i3, 2 компьютердің процессоры Intel ® Celeron, 7 компьютердің процессоры Intel Core i5 болғандықтан көбісінікі ескірген. Компьютерлердің көпшілігінің жедел жадысының қажетті көлемі 2,00 ГБ яғни өте төмен.


Кітапхананың Internet желісінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, техникалық қолдау көрсетілді. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің жұмыс компьютерлеріне мониторинг жасалып, бөлімге бір жұмыс компьютері қойылып оған локалдық жүйе тартылды. 5-порт коммутаторы айырбасталып Wi-fi орнатылды. Орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөліміне де бір жұмыс компьютері қойылды.



Кітапхананың «ИРБИС 64», «Web-ИРБИС64+» бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізіліп, серверлік бөлік, деректер қоры бақыланып отырды. «ИРБИС 64+» бағдарламасы «ИРБИС 64+ 2021.1» нұсқасына көшірілді. «ИРБИС» бағдарламасы арқылы оқырман билетіне штрих-код жасалынып, «Электрондық кітап беру» (АРМ «Книговыдача») кітап берілімі іске қосылды. Бұл кітапхана көрсеткіштерін автоматты түрде есептеуге мүмкіндік береді. Қараша айында ЭК ғаламтор пайдаланушыларына қолжетімді болды. Кітапхана үдерісін автоматтандыру бөлімі штрих-кодтарды әр бөлімге қажетінше шығарып беріп отырды. Кітапхана үдерісін автоматтандыру бөлімі easyQuizzу бағдарламасының көмегімен аттестацияға компьютерлік білім тесттерін құрды. Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілеріне және YouTube каналына кітапхананың онлайн іс-шаралары туралы мәліметтер, өтетін іс-шаралар туралы анонстар, өтекен іс-шаралар, жаңалықтар тікелей эфирлер жүктелінді. Кітапхананың YouTube арнасы «Библиотеки Карагандинской области» арнасына тіркеліп бейнероликтер жүктеді.

Жыл ішінде сайтта «Біліктілікті арттыру», «Қолтаңба», «Жаңалықтар», «Клубтар» электронды кітап көрмесінің бөлімдері толықтырылды.

Есепті кезеңде «Instagram» әлеуметтік желісіндегі жазылушылардың саны **747** пайдаланушыға артып, **4343** жазылушыны құрады. Facebook тіркелушілері өткен жылмен салыстырғанда **114** пайдаланушыға ал, Vk.com желісінде тіркелушілер өткен жылмен салыстырғанда **160** адамға артты. YouTube жазылушылар 2020 жылмен салыстырғанда **77** пайдаланушыға көбейді.



Сайттың Яндекс Метрика есептегіші арқылы 2021 жылғы статистикасы төмендегідей анықталды:

- Каралымы - 51739
- Келушілер - 15421
- Келімі - 18939

	Компьютер		ноутб ук	серв ер	принтер			сканер		ксеро кс	КФ Қ	фа кс	про ек	Бук -р
	барлығы				лазерлік	түрлі- түс лазерлік	Принте р штрих- код	сканер	сканер штрих- код					
	2020	2021												
ОБК	32	32	2	1	7	1	1	3	8	1	2	1	1	2

«Рухани қазына – 2021» онлайн фестивалінің қорытындысы бойынша сыйға берілген 1 миллион теңге, кітапханаға МФУ (көп функционалдық құрылғы), штрих-кодтық сканерлер, кітапшаны шығарушы машина, моторландырылған экран сатып алынды. Қос анталаы 2 микрофон мемлекеттік сатып алу порталының техникалық талаптарына сай болмағандықтан кәсіпкерге қайтарылып берілді. Қазіргі таңда сот алды тергеу жұмыстары жүріп жатыр.

Х. КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРУ. ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

Х. КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРУ. ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

Кадрлармен жұмыс. Персоналдың моральді және материалды уәждемесі

01.01.2022 ж. кітапхана штаты 41 бірлікті құрайды. 01.07.2022 ж. барлығы 41 адам жұмыс істеді, оның ішінде кітапханалық қызметкерлер – 24.

Білімі бойынша кітапхан қызметкерлерінің құрамы

барлығы	оның ішінде кітапханашылар	Білімі бойынша кітапханашылардың құрамы			
		жоғары		арнайы орта	
		кітапханалық	басқа	кітапханалық	басқа
41	24	22	13	-	2

Кітапханашы қызметкерлерінің жас ерекшеліктері

барлығы	30 жасқа дейін	%	30-45 жас	%	45-50 жас	%	50-58 жас	%	58 жастан жоғары	%
24	6	25%	5	20,8	1	4,1%	9	37,5%	3	12,5%

Таблицадағы мәліметтер негізінде кітапхана қызметкерлерінің басым бөлігі - 12 адам (50%) 50 жасқа дейінгі қызметкерлер екенін аңғаруға болады. Және соның ішінде 6 қызметкер (25%) 30 жасқа дейінгі мамандар.

Кітапханашы қызметкерлердің мамандығы бойынша еңбек өтілі

барлығы	1 жылға дейін	%	1-5 жыл	%	6-10 жыл	%	10 жылдан жоғары	%
24	2	8,3%	4	20%	4	12%	14	58,3%

14 кітапханашының (58,3%) еңбек өтілі 10 жылдан аса мерзімді қамтиды.

Кітапхананың 2 маманы М. Подгайнова мен С. Мусина Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша аяқтап, қызмет көрсету саласының Бакалавры біліктілігін алды.

Жетістіктер

2021 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Рухани қазына – 2021» онлайн фестивалінің қорытындысы бойынша Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы **«Үздік облыстық маңызы бар мемлекеттік балалар немесе жасөспірімдер немесе балалар мен жасөспірімдер кітапханасы»** номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, 1 миллион теңге сыйақымен марапатталды.



Көтермелеулер

Биылғы жылы Қазақстан кәсіподақтар федерациясы 2021 жылды бастауыш ұйымдар жылы деп жариялады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Как живешь первичка» республикалық акция аясында «Мықты бастауыш ұйым - мықты кәсіподақ» сайыс байқауы өткізілді.



8 қазандағы салтанатты жиналыста «Қазақстандық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат салалық кәсіподағы» ҚОФ төрағасы А.Т.Усєрова біздің бастауыш ұйымның төрағасы М. Н. Подгайноваға **«Үздік кәсіподақ көшбасшысы»** дипломын табыс етті.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеу аясында кітапхана басшысы Б.Қ.Уатаева Мәдениет министрі А.Райымқұлованың Құрмет грамотасы және «2021-Балалар әдебиеті



жылы» аясында Алғыс хатымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы орай Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамотасымен мектепке дейінгі



және бастауыш сынып жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы О.И.Вольф марапатталды.

Кітапханалық форумдар мен семинарларға қатысу. Біліктілікті арттыру

Ағымдағы жыл кітапхана қызметкерлері ZOOM платформасы арқылы 14 кәсіби онлайн кездесуге қатысты. Соның ішінде маусым айында өткен **«Балалар кітабы: Автордан оқырманға»** атты халықаралық симпозиумның жұмысы ауқымды болды. Симпозиумда кітапхана басшысы Б.Уатаева баяндама жасап балаларды кітап оқуға баулу, балалар кітапханасын дамыту бойынша бірнеше маңызды ұсыныстар жасалды. Кітапхана басшысы Б.Уатаева ҚР ҰАК ұйымдастырған **«Қазіргі балалар әдебиеті»** онлайн коференцияда, Н. В. Гоголь атындағы ОӘҒК ұйымдастырған **«Ақпараттық кеңістіктегі кітапханалардың даму үрдісі»** VI облыстық кеңейтілген семинарда және т.б. конференцияларда баяндамалар мен хабарламалар жасады.

Сондай-ақ, кітапхана қызметкерлері біліктілігін арттыру мақсатында ҚР ҰК онлайн-семинарына, Санкт-Петербург қ. (Ресей) ұйымдастырған «Мемлекеттік кітапхана зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы орталық кітапхана») «Проблемы культуры

чтения в современной семье. Комиксы» атты семинарға, ҚР ҰАК ұйымдастырған «2021-Балалар әдебиеті жылын қортындылау» онлайн конференциясына, Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастырған облыстық онлайн-семинарларына қатысты.

«Профессионал» кітапхана қызметкерлерінің әдістемелік оқуы

2021 жылдың 4 маусымында Абай атындағы ОБК қызметкерлері кезекті аттестаттау өтті. Аттестаттау 2 кезеңде тестілеу және әңгімелесу бойынша өткізілді. Аттестаттауға 19 қызметкер қатысты. Комиссия құрамына: Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасынан мәдениет және өнер ұйымдарының жұмысын қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Е.Теплюк; Қазақстан Республикасының мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің қазақстандық кәсіби салалық кәсіподағы ҚБҚОФ төрайымы А.Усорова; Абай атындағы ОБК басшысы Б.Уатаева кірді. Аттестаттау мерзімінен бұрын жеке өтініштер бойынша 4 қызметкерге аттестаттаудан өтті. Комиссия шешімі бойынша 4 қызметкерге II санат берілді.



Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығының жұмысы аясында есепті жылғы қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында кітапхана қызметкерлері ағылшын тілін 120 сағат А1 деңгейінде тегін оқыту курсынан өтті. Сабақ соңында олар онлайн тестілеуден және ауызша емтиханнан өтті, әрбір кітапханашыға сертификаттар берілді.

Біліктілікті арттыру бағытында тұрақты түрде әдістемелік жұмыстар жүргізіліп отырды. Есептік кезеңде кітапхана қызметкерлері үшін жоспарлы 7 сабақ өткізілді. «Әлеуметтік желілерде ақпарат тарату және алмасу тәсілдері», «Электрондық каталогтағы қателер және оны түзету», «Медийная и информационная грамотность» тренингтері кітапханашылар үшін практикалық тұрғыдан жақсы көмек болғанын атап өтуге болады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кітапхананың тұрақты серіктестері қатарында қала мектептері, бала бақшаларымен бірге Тәттімбет атындағы өнер колледжі де бар. 2021 жылдың 23 ақпан мен 24 мамыры аралығында Тәттімбет атындағы өнер колледжінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 1 және 3 курстың 8 студенті тәжірибеден өтті. Студенттерге қазақстандық балалар жазушыларының шығармашылығына бейнебаян жасау тапсырмалары берілді және бұл жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылды.

«Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларына» сәйкес 2021 жылғы 20.09.2021ж. №48 «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі бұйрығының негізінде кітап дүкенін ұйымдастыру мақсатында пайдалану үшін 24.09.2021ж. бастап 23.03.2023ж. аралығында кітапхананың бөлмесін (32,7м²) жалға берді.

Электрондық сауда алаңында болған сауда-саттық нәтижесінде «Qasym баспа үйі» ЖШС (БИН 200640031012) жеңімпаз деп танылып, кітапхана бөлмесін жалға беру туралы «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ мен аталған ЖШС арасында №16455-о-эп Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) шарты жасалды.

«Qasym баспа үйі» ЖШС жалға алған бөлменің жеке шығу есігі (Бұқар жырау даңғ.) болғандықтан, кітапхананың Бұқар жырау даңғылы жағынан дүкеннің атауын («Оқырман») үлкен әріптермен жазылды.

Сонымен қатар, «Qasym баспа үйі» ЖШС өз қаражатына кітапхананың негізгі кіреберісіне (Лобода көшесі) кітапхананың атауын үлкен әріптермен жазу туралы ұсыныс білдіріп отыр.

2022 ЖЫЛҒЫ ЖОСПАР

Алыс елді-мекен балаларына кешенді ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету мақсатында **«Кітап керуені» рухани әлемге шақырады!»** библиокеруенін ұйымдастыру.

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында:

Мәдениетті, тарихты және рухани мұраны насихаттауға бағытталған **«Киіз үй» этноконструкторын** құрастыру бойынша **тренингтер** жүргізу.

Кітап оқуға тарту, балалардың жаз уақытын тиімді өткізуі мақсатында

«Жаз.Балалар.Кітап» ұзақмерзімді жобасын жалғастыру.

Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына

«Мәңгілік ел алыптары» қалалық шығармашылық байқауын өткізу.

«Нәтиже» ЖШС демеушілігімен **«Балалар кітаптың суретін салады»** балалардың халықаралық иллюстрациялық байқауы (М.Қаназовтың **«Чика – Дабылдың баласы»** кітабы бойынша)

«Мен автормын» қалалық балалар байқауы (**«Нәтиже» ЖШС** демеушілігімен)

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында **«Жетістік формуласы»** телебағдарламасын даярлау және өткізу.

2022 ЖЫЛҒЫ МІНДЕТТЕР

❖ Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы қызметінің бағыты мен міндеттеріне сәйкес жұмыс жалғастыру;

❖ Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;

❖ Жас оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;

❖ Оқырмандардың Қазақстан әдебиеті, тарихына, мәдениетіне қызығушылығын баулу;

❖ Құқықтық білім негіздерін, оқырмандардың экологиялық сауатын насихаттау;

❖ **«Жетістік формуласы»** телевизиялық жобасы бойынша жұмысты жалғастыру;

❖ 2022-2023жж. -Балалар әдебиетін қолдау бойынша жұмысты жалғастыру;

❖ **«2022 жыл -Балалар жылы»** деп жариялануына байланысты, балалар ақын-жазушыларымен кездесу және байқаулар өткізу.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Балалар кітапханасын материалдық-техникалық жағынан заман талабына сай қамтамасыз ету және жаңғырту.

Басшы

Б. Уатаева